

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының Ресей Федерациясының аумағында және Ресей Федерациясы азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағында болу тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 14 қарашадағы № 250-V ҚРЗ

2012 жылғы 7 маусымда Астанада жасалған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының Ресей Федерациясының аумағында және Ресей Федерациясы азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағында болу тәртібі туралы келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н.Назарбаев

**Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы
Қазақстан Республикасы азаматтарының Ресей Федерациясының
аумағында және Ресей Федерациясы азаматтарының Қазақстан
Республикасының аумағында болу тәртібі туралы
КЕЛІСІМ**

**(2015 жылғы 23 қаңтарда күшіне енді - Қазақстан Республикасының
халықаралық шарттары бюллетені, 2015 ж., № 2, 15-құжат)**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы екі мемлекет арасындағы достық қарым-қатынастарды одан әрі дамыту, олардың азаматтарының жол жүруін құқықтық реттеу мақсатында,
Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы 1992 жылғы 25 мамырдағы шарттың 13-бабын басшылыққа ала отырып,
бір мемлекет азаматтарының басқа мемлекеттің аумағында болуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға ниет білдіре отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Басқа, Тараптың аумағында уақытша болатын бір Тараптың азаматтары болу Тарапының құзыретті органдарында 30 күн ішінде тіркелу бойынша (болатын орны бойынша есепке қою) міндетінен босатылады.
2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген уақытша болу мерзімі болу Тарапының

аумағында кіру кезінде қойылған шекаралық бақылау органдарының белгісі бар көші-қон картасымен расталған бір Тарап азаматының басқа Тараптың аумағына кірген күнінен бастап есептеледі.

3. Бір Тараптың азаматы басқа Тараптың аумағында 30 күннен артық болған жағдайда, көрсетілген азамат болатын Тараптың заңнамасына сәйкес оның құзыретті органдарында тіркелуге (болатын орны бойынша есепке тұруға) міндетті.

2-бап

Бір Тараптың азаматтары басқа Тараптың аумағында болған уақытында, болу Тарапының заңнамасын сақтауға міндетті.

3-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін.

4-бап

1. Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы дипломатиялық арналар арқылы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшінен енеді.

2. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің қолданысын ол туралы басқа Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы жазбаша нысанда хабарлай отырып, тоқтата алады. Бұл жағдайда мұндай хабарламаны алған күннен бастап 6 ай өткен соң осы Келісім қолданысын тоқтатады.

3. Әрбір Тарап мемлекеттік қауіпсіздікті, қамтамасыз ету, қоғамдық тәртібі және халықтың денсаулығын қорғау мақсатында осы Келісімнің толық немесе ішінара тоқтата алады. Қабылданған шешім туралы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы басқа Тарапқа мұндай тоқтата тұруға дейін 72 сағаттан кешіктірмей жіберіледі.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген себептер бойынша осы Келісімнің қолданысын тоқтата тұру туралы шешім қабылдаған Тарап осы Келісімнің қолданысын қайта жаңарту туралы басқа Тарапқа сондай тәртіппен хабарлайды.

2012 жылғы 7 маусымда Астана қаласында, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, бұл ретте екі мәтіннің де күші бірдей.

Қазақстан Республикасы үшін Ресей Федерациясы үшін

2012 жылғы 7 маусымда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының Ресей Федерациясының аумағында және Ресей Федерациясы азаматтарының Қазақстан

Республикасының аумағында болу тәртібі туралы келісімнің куәландырылған көшірмесі екендігін растаймын.

*Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Халықаралық құқық департаментінің
Басқарма бастығы Д. Есентаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК